

Мухамедин М.М. *

п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ САНАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ**

Автор корреспондент: tvorchestva77@mail.ru

Түйін: Мақалада студенттердің этномәдени санасын қалыптастыру туралы айтылады. Мақалада педагогика, психология, философия және мәдениет саласындағы қазақстандық ғалымдар мен мамандардың еңбектері талданады /Бердібаева С.Қ., Ақай С., Маданов Х., Сейдімбек А., Камалова Н. және басқалар/. Этномәдени сананың негізгі компоненттері - ұлттық мәдениеттің құндылықтары дәстүрлер, фольклор, этнопедагогика, тарих, философия, этика, этнопсихология және ұлттық өнер, ұлттық менталитет пен өзін-өзі тануды қалыптастырады. Жастардың этномәдени санасы ұлттық этномәдени құндылықтарды білу мен түсіну негізінде қалыптасады. Этномәдени сананың белгілері, ең алдымен, жас адамның жеке тұлғасының іскерлік және патриоттық мәдениетінде жүзеге асырылатын адамгершілік қасиеттері мен қағидаларында көрінетіні анықталды.

Кілт сөздер: жастар, студент, ұлттық мәдениеттің құндылықтары дәстүрлер, фольклор, этнопедагогика, тарих, философия, этика

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы қалыптасқан қоғамдық сана мен әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасты қайта зерделеуге және қайта жаңғыруға бетбұрыс жасауға өз ықпалын тигізуде. Қоғамдық сананы жаңғыртуды мақсат еткен осынау идея тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ауқымды және уақыт талабына сай ұсынылған маңызды жобалардың бірі болып отыр. Өйткені, бұған дейінгі мемлекеттік бағдарламалардың бәрі экономиканы, әлеуметтік және саяси салаларды дамытуға негізделсе, «Рухани жаңғыру» қазақ халқының әлеуметтік-мәдени тіршілігін, рухани болмысын, салт-дәстүрі мен ұлттық сана-сезімін жаңғыртпақ.

Елбасы өзінің мақаласында атап өткендей: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар:

- ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту;
- ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту»-деді, сонымен қатар орындалуы тиісті екі ережені ұсынды: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі - ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғырту болмайды. Екіншісі- алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [2].

Елбасы осынау жобаны жүзеге асыру арқылы халықтың санасын заман талабына сай өзгерте отырып, өркениетті қоғам құруға бетбұрыс жасауды көздейді. Бұл ретте студент жастарға үлкен жауапкершіліктің артылып отырғанын айта кету қажет.

Бұл - нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан алдағы дамуды көре білуге және оған басымдық бере алатын, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалануға іскерлік танытатын, ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бәсекеге қабілетті сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсынуға қабілетті, ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен өнеріміз, әдебиетіміз, тарихымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз мен болмысымыз бойында мәңгілікке қалыптасқан қазақстандық азаматты қалыптастыру.

Сонымен, тәуелсіз, егеменді ұлттық мемлекеттерде этномәдениеттің алатын орны бөлек. Себебі, ұлттық мемлекеттің тіршілік әрекетінің жайлары бірте –бірте оның өзіндік тарихи, өркениеттік өзгешеліктері, әсіресе , этномәдени дәстүрлерінің ерекше көрінуінен айқын байқалады. Осыдан келіп мәдени-әлеуметтік, қоғамдық өмірдің ілгері бастауы, бір кезеңнен екіншісіне өтуі, олардың сабақтастығы, өмір салтының әлеуметтік, материалдық

және рухани деңгейінің жоғарылауы, яғни тұрмыстың жақсаруы мен рухани тәжірибенің молаюы ұлттық мәдениетке қызығушылықты, ықылас пен сұранысты жетілдіре түседі.

Егеменді мемлекеттің қалыптасуына мәдениеттің дербестігі мен рухани жаңаруы оның ішкі қажеттіліктерінен туындайды. Ұлттық мәдениет, тарих, дәстүрлік ана тілі- өзін – өзі билеудің, ұлт болып сақталып қалудың негізі. Этномәдениет – халықтық мұра, ол адамның өзі, оның өскен жолы, құндылықтары мен болашағы. Сондықтан бұрынғы тарихи мәдениет туындыларын қазіргі сана дәрежесі негізінде, қоғамның осы заманғы салтына сәйкес бағалау, пайдалану, дамыту диалектикалық ойлауды қажет етеді, себебі халықтық шығармалар, салт- дәстүрлер болашаққа, адамға деген сеніммен жазылған, қалыптасқан.

Қазіргі ұлттық жаңғыру процесіне мәдени мұраны пайдалану, әлеуметтік философиялық пайымдау, оның қолдану деңгейлерін анықтау, жасампаздық жақтарын сақтап дамыту, қоғамдық санада орынды мәселеге айналады, жаңа ұлттық сананы қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі болып саналады. Ұлттық болмыс, ұлттық сана сезім, кез-келген халықта бар және ол адам бойында бала жастан қалыптасады. Ұлттық этникалық, «Мен-бейнесі» деген ұғым, өзіннің этномәдениетінің құндылықтарын зерделеу, салыстыру, бағалау, пайымдауға байланысты шығады.

Белгілі ғалым С.Қ. Бердібаеваның еңбегінде тұлғаның этностық «Мен-бейнесінің» құрылымдарын зерттеуде халықтың өте бай киелі мұрасы – фольклорды қарастырудың аса өзектілігі көрсетілген. Себебі ол өсіп келе жатқан ұрпақтың ұлттық болмыс және ұлттық сана-сезімдерінің қалыптасуында, олардың рухани биіктігінде, ұлттық және адамзаттық мәдениет салаларындағы құндылықтарға бағдарланулар жүйесін қалыптастыруда маңызды орын алады. Осы орайда ғалым этностың сана-сезімдерін дамытатын шығармашылық сөз жарысы – айтыстың психологиялық табиғатын ашады. Айтыс бірлескен диалогты ойлау іс-әрекетінің нәтижесі, күрделі логикалық операциялардың көріну сипаты, екі жақтың да интеллектуалды мүмкіндіктерін өзара бағалау көрсеткіші деп дәлелдей келе: «Айтыс халық творчествосы ретінде ұлттық сана-сезімдерді психологиялық тұрғыдан зерттеудің негізі», - деп тұжырымдайды. Ол айтыстың негізгі үш психологиялық функциясын анықтайды: 1) білім беруші – айтыс арқылы жастар этнос, мәдениет, тарих, адам жайлы жаңа мәліметтер, ақпараттар алады, когнитивті деңгейде дамиды, жаңа әрекетке бейімделу негіздеріне үйренеді; 2) тәрбиелеуші – ол мағына құрылудың жалпы қорын (мағыналық құрылымның жалпы қорын) қалыптастырады, ұлттық сәйкестілік сезімді күшейтеді, әлемнің этностық көрінісіндегі этностық «Меннің» көріну дәрежесін нығайтады; 3) дамытушы – мағыналық құрылулардың жалпы қорын – «Ересек позициясы» негізінде құндылыққа бағдарлануды (ойдың логикалық құрылымдары, интеллект сапалары, танымдық белсенділік ерекшеліктері) қалыптастырады [2].

Студент жастардың ұлттық сана-сезімінде, дүниетанымына, ұлтқа тән қандай белгілерді қалыптастыру керек деген мәселені зерттеу үшін арнайы әдебиеттерді талдай келе, біз, ұлттық болмыстың басты белгілері болып-ұлттық тіл, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық тәрбие, ұлттық менталитетті қалыптастыратын ғылыми ұлттық құндылықтар жүйесі (фольклор, тарих, философия, этика, этнопсихология, этнопедагогика т.б.), ұлттық өнер түрлері болуы керек деген пікірге келдік.

Қазақ фольклорының дүниетанымдық арқауын оның өмір салтының ерекшеліктерінен және қажеттіліктерінен туындайтын, реттілікпен қалыптасатын әсемдік, әдептілік, фәлсафалық, діни, тіпті, тоғышарлық т.б сенім – нанымдар мен қағидалар құрайды. Олар қауымдастықтың барлық мүшелеріне бірдей ортақ жолбасшылық міндет атқарады. Мысалы, халқымыздың мейірімділік, қонақжайлық, обал – сауап, борыш-парыз, имандылық, намыс, ар, ұят туралы түсініктері мен жөн-жоралғылары жеке адамдардың күнделікті іс-әрекетін реттеп, белгілі бір арнаға тоғыстыру жолында шешуші қызмет атқаратыны сөзсіз.

Жазуы жоқ қоғам жағдайында фольклор «өмір кітабы» болды, оның мазмұнында халықтың психологиясы, дүниетанымы, адамгершілік және эстетикалық идеалдары

бейнеленді. Ол халықтың рухани шығармашылығы жайлы ақпараттарды беретін поэтикалық білімдердің энциклопедиясы болды.

Өнердің өзге түрлерінің арасында фольклорға ерекше орын беріледі, себебі оған ойды жеткізудің ауызша түрі тән. Бірақ фольклор тек қана ауызша поэтикалық шығармашылық емес, себебі оған синтетикалық сипат тән. Өзінің кейбір жанрларында ол әнді де, биді де, музыкалық халықтық сазды да, театр өнерін де біріктіреді. Мысал ретінде ғұрыптық фольклорды алуға болады, онда сөз, музыка, драма элементтері біріктірілген.

Фольклордың мазмұны, құрылымы және әлеуметтік функциялары халық өмірінің тарихи жағдайларына байланысты үнемі өзгерістерге ұшырап отырды. Фольклор тарихи даму барысында рухани мәдениеттің әр алуан тармақтарын (дін, ғылым, өнер және т.б.) тудырған мәдени кешендермен тығыз байланысты болды.

Фольклор – бұл дәстүрлі халық шығармашылығы, өйткені әншілер, жыршылар, ақындар, күйшілер, фольклорлық, аспаптық - фольклорлық шығармаларды орындай отырып, сабақтастық нәтижесінде қалыптасқан дәстүрлерге еш тоқтаусыз бағынады.

Қазіргі заман жағдайында да атқаратын қызметтері мен түрлі өзгерістерге ұшырағанымен фольклор өмір сүруін жалғастыруда. Өткен ғасырлардағыдай фольклор кәсіби өнердің: әдебиет, музыка, театрдың дамуының қайнар көзі болып қалуда. Бұл жағдайда ол халық шығармашылығы мен кәсіби өнер арасындағы «көпір» қызметін атқарып, адамдарға кәсіби шығармашылықтың анағұрлым күрделі стилистикасына қол жеткізуге көмектеседі.

Қоғамдық сананың ұлтқа тән белгілері ең алдымен тұлғаның ұлттық адамгершіліктік сипатындағы іскерлік және патриоттық мәдениетінде шынайы көрінісін табады. Республикада адамгершілік мәдениетін дамыту бағытында аз істер істеліп жатқан жоқ.

XX асырдың аяғында әлемдік мәдениетте қалыптасқан ерекшеліктердің бірі озық технологияны гуманистік этикамен үйлесімді қосу талпынысын жатқызуымызға болады. Біздің заманымыздың ұлы ойлаушылары М.Ганди , А. Швейцер, Л. Толстой , Э.Фромм, Тейяр де Шарден , Абай т.б адамгершілікті негізгі құндылық деп жариялап, Шәкәрім «ар ілімі» деп атаған этиканы ғылымдардың ішінде бірінші орынға қойды.Бұл туралы өркениетті елдерде ерекше мән бере айтылып жүрумен қатар , нақты істер де жүзеге асуда.Соның бірі, егер бұрын әр түрлі елдердің әлеуметтік –экономикалық даму деңгейінің негізгі көрсеткіші тауар өндіру деңгейі болса, соңғы жылдары БҰҰ мемлекеттерді адамның даму индексі бойынша сараптайды.

Студент жастар арасындағы этномәдени тәрбиеде ең жоғарғы құндылық – отансүйгіштік және оған адал қызмет етуді негізге алатын қазақтың дәстүрлі ұлттық мәдениет құндылықтары ғылыми және әдістемелік тұрғыда дұрыс пайдаланылса, жас жеке тұлғаның даму деңгейіне ерекше ықпал етуі мүмкін.Себебі , «қазақы мәдениеттің кереметі –оның түпнұсқаларының /стереотиптерінің/ кітапта емес , архивте емес, жеке адамның тұла бойынан табылатындығында ... әлеуметтік практика мен бұлтармас бірлігінде , «қолданбалылығында»[3]. . Ұлттық бейне , ұлттық менталитет, ұлттық мәдениет- қоғамдық сананы жоғарғы деңгейге көтеріп, ұлттық идеология құндылықтарын қалыптастыратын, ұлттық қауымдастықты біріктіруші қоғамның ішкі рухани дүниесін байланыстыратын күш.

Жастардың этномәдени санасына ықпал ету бағдарының назар аударатын саласының бірі қазіргі қала мәдениетінің ұлттық бейнесін қалыптастыру, ұлттық сәулет өнері келешекте қоғамдық сананы қазақы мәдениетке ұлы бетбұрыс жасауға ықпал ететін негізгі әлеуметтік тәрбие құралына айналмақ.Қала мәдениетінің қазақы келбет пен дәстүрлі мәдениет нышандарын негізінде қайта жаңғыруы қазақ мәдениетінің әлеумет мәдениетіне, қазақ тілінің басқару , іс жүргізу , ғылыми, техника , өндіріс салаларында жетекші орын алуына , қазақша сөйлесу қоғамдық сұраныстан туындайтын қажеттілікке айналуға жағдай жасайтын факторлардың бірі болып табылады.Қазақ тілі мемлекеттің

саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірінде жетекші орын алатындай материалдық, әлеуметтік, құқықтық жағдайлар енді сөз жүзінде емес, нақты іс жүзінде жасалуы керек, сонда ғана қазақ тілі мемлекеттік және әр түрлі этностарды біріктіруші маңызды күшке айналмақ.

Бізге белгілі, ХХІ ғасырдың қарсаңында мәдениеттердің ұлы тоғысуы, сұхбаттасу және тұтастану басты ағынға айналады, бұл жаңа ғасыр мәдениеті ерекшеліктерінің бірі болмақ. Біз, шын мәнінде, дербес мемлекет ретінде біртектес адамзаттық мәдениеттің аймағына ене бастадық. Қоғамдық тұрақтылық пен ішкі рухани біртұтастылық қабілетін дамыта отырып, әлемдегі өркениетті елдермен жақындасу, халықаралық қатынастардың тұлғасына айналу және оған өзіндік ықпал ету деңгейіне көтерілу қазақ мәдениетіне жоғары талаптарды қояды. Тәуелсіз Қазақстанда қазақ мәдениеті жоғары мақсаттарды қоя және іске асыра білуге ынталандырушы, шешуші қызмет атқарады, сонымен қатар басқа этикалық топтардың, субмәдениеттердің дамуына және олардың өзара келісімділігіне кепіл болып саналады.

Қазақ ұлтының жаңа мемлекеттік деңгейі және оның мақсаттары туралы Елбасымыз: «Ұлт мемлекетсіз өмір сүре алмайды, құрып кетеді. Өз кезегінде ұлттың жойылуы, оның мемлекетінің өмір сүруін мәнсіз етеді. Мәселенің қатаң диалектикасы осындай. Сондықтан, қай ұлтқа жататынына қарамастан барлығы үшін мүмкіндіктер теңдігі мен барлығының заң алдында тең принципін жүзеге асырушы біздің мемлекетте тұрғылықты ұлт – қазақтардың мүддесі, жекелеген жағдайда бірқатар мемлекеттерде орын алып отырғандай, ерекше бөліп айтылатыны да әбден орынды»[4] - деген болатын. Бүгінгі ізденіс пен атқарылар қызметтер осы қағида төңірегінде жүргізілуі тиіс.

Ұлттық мәдениеттің кемеліне келуі, жетілуі көп жағдайда этномәдени құндылықтардың өркениет мәдениеті құндылықтарымен диалектикалық жан-жақты өзара байланысында, қарым – қатынасында, ол адамзат және ұлттық генофондының мәдени құндылықтарын игеру мөлшерімен анықталады. Тек осы диалектикалық заңдылықты жүзеге асырғанда ғана қазақ қоғамы, ұлттық сана өзіндік ерекшелігіне, дербес даму деңгейіне көтеріледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017.
2. Бердібаева С.Қ. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Ақай С. Ұлттық діл деген не? // Ақиқат. - Алматы, 1999.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы // Егемен Қазақстан, 16 мамыр, 1992.
5. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы, 1995. 199 б.
6. Камалова Н. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы. Монография. - Алматы, 2017. -220 б.
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі – Алматы, 1997 -463 бет
8. Әбілов А. Қазақ фольклоры және дәстүр сабақтастығы. – Қызылорда: Тұмар.-2007.-248б.

Аннотация: В данной статье рассматривается сущность и содержание, особенности формирования этнокультурного сознания студенческой молодежи. В статье анализированы труды казахстанских ученых и специалистов в области педагогики, психологии, философии и культуры / Бердібаева С.Қ., Ақай С., Маданов Х., Сейдімбек А., Камалова Н. и др./ . Основными компонентами этнокультурного сознания являются такие ценности национальной культуры как традиции, фольклор, этнопедагогика, история, философия, этика, этнопсихология и национальное искусство, которое формирует национальный менталитет и самосознание. Этнокультурное сознание молодежи формируются на основе знания и понимания национальных этнокультурных ценностей. Определено, что признаки этнокультурного сознания проявляются, прежде всего, в человеческих нравственных качествах и принципах, реализующихся в деловой и патриотической культуре личности молодого человека.

Abstract: The present article is devoted to the nature and content, peculiarities of formation of

ethno-cultural knowledge of students. The article analyzes the works of Kazakh scientists and specialists in the field of pedagogy, psychology, philosophy and culture / Berdibaeva S.K., Akay S., Madanov H., Seydimbek A., Kamalova N. et al. /.The main components of ethno-cultural knowledge are such values of national culture as tradition, folklore, pedagogy, history, philosophy, ethics, ethnic psychology and national art, which form the national mentality. It is determined that the signs of ethnocultural consciousness are manifested primarily in human moral qualities and principles implemented in the business and patriotic culture of the personality of a young man.